



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ 004 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2004 жылғы 4 ақпан

Халықаралық резервтер және ақша базасы
туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің халықаралық резервтері (Ұлттық Қордың ақшасын ескермей) және ақша базасы 2004 жылғы қаңтарда мынадай болды:

	Ағымдағы бағамен	Тұрақты бағамен*
Таза халықаралық резервтер, млн.долл.	5424,2	5452,1
оның ішінде:		
ЕАВ таза активтер**	4723,0	4723,0
Алтын	701,2	729,1
Ақша базасы, млрд. теңге	298,5	298,5
KZT/USD (кезең аяғында)	139,41	144,22
Алтынның бағасы (1 трой унциясы үшін USD-мен)	401,30	417,25

* 2003 жылдың аяғындағы теңгенің АҚШ долларына бағамы және алтынның бағасы көрсетілген

** ЕАВ-мен таза активтер – бұл ЕАВ-ғы жалпы активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық

2004 жылғы қаңтар айында Ұлттық Банктің халықаралық резервтері көбейді.

Ағымдағы бағамен таза халықаралық резервтер 9,4%-ке (немесе 465,3 млн.долл.) өсті. Ұлттық Банктің ішкі валюта рыногынан валюта сатып алуы және Қаржы министрлігінің Ұлттық Банктегі есепшоттарына валютаның түсуі таза валюта қорларын (ЕАВ) 490,0 млн.долларға толықтыруға ықпал етті. Алтынмен активтер Ұлттық Банк жүргізген операциялар және оның әлемдік рыноктардағы бағасының 3,8%-ке көбеюі нәтижесінде 24,7 млн. долларға өсті.

Тұрақты бағамен Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 9,9%-ке, ЕАВ-мен таза активтер – 11,6%-ке өсті, алтынмен активтер – 0,4%-ке өсті.

Елдің халықаралық резервтері жалпы алғанда (ағымдағы бағамен) яғни, Ұлттық Қордың ақшасын (алдын-ала деректер бойынша – 3 666,2 млн. долл.) қоса алғанда 9105,3 млн. долл. болды. Өткен айға өсімі – 6,3 % болды.

2004 жылғы қаңтар айында Үкіметтің Ұлттық Банктегі депозиттерінің көбеюі ақша базасының 5,8%-ке (немесе 18,4 млрд. теңгеге) тарылуына себепші болды.